

"Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есепке қою және есептен шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 265 бүйрүғына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 29 мамырдағы № 209 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 мамырда № 36176 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есепке қою және есептен шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2014 жылғы 30 мамырдағы № 265 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9506 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есепке қою және есептен шығару қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын (оның ішінде азаматтық қорғаныстың мобиЛЬДІ қорғаныш құрылыштары) есепке қоюды азаматтық қорғау саласындағы уәкілдегі органның аумақтық бөлімшелері, мемлекеттік органдар, сондай-ақ балансында қорғаныш құрылыштары бар ұйымдар жүргізеді.

Теңгерімінде азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштары бар мемлекеттік органдар мен ұйымдар жыл сайын тиісті жылдың 1 желтоқсанына дейін уәкілдегі органның аумақтық бөлімшелеріне қорғаныш құрылыштарының жай-күйі туралы акпарат береді.";

9 тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығару үшін құжаттаманы қарастыру мақсатында:"

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Осы Қағидалардың 12-тармағында айқындалған құжаттаманы дайындауды азаматтық қорғаныстың қорғаныс құрылышының меншік иесі жүзеге асырады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Комиссия азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығаруға жоспарланатын құжаттамаларды 30 жұмыс күні ішінде қарайды, мақсаты бойынша пайдалануға азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыштарының әзірлігін бағалайды және жұмыс нәтижелері бойынша осы Қағидаларға № 1-1 қосымшадағы нысанға сәйкес азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығару туралы акті жасайды

немесе азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығарудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығару туралы актіге:

- 1) азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыштарының паспорты;
- 2) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәліметтер;
- 3) жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрық паспорты;
- 4) осы Қағидаларға № 2-қосымшаға сәйкес ұсынылған үлгі бойынша осы азаматтық қорғаныс қорғаныш құрылыштарының жай-күйі туралы техникалық қорытынды (қоршau және тірек құрылыш конструкцияларының есептік қорғau қасиеттері жойылған кезде қоса беріледі);
- 5) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жұмылдыру тапсырмасының (тапсырысының) және азаматтық қорғаныс бойынша санатының болуы немесе болмауы туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органынан алғынған ақпарат;
- 6) азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығару нәтижесінде алған үй-жайлар мен жер телімін пайдалану жөніндегі ұсынымдар.

Төтенше жағдайлар салдарынан жарамсыз болған азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығару үшін құжаттарды дайындаған кезде актілерге төтенше жағдайлар фактілерін раставтын құжаттар көшірмелері қоса беріледі.

Оларға қоса берілетін құжаттамамен (бұдан әрі – құжаттама) азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыштарын есептен шығару туралы актілер төрт данада жасалады".

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

- 1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бүйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК